

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерту енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2375 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті өкімдерге қосымша уақытша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің

1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығына мынадай өзгерту енгізілсін:

9-баптың 34-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"34) бағалы металдар мен асыл тастарды барлау, өндіру, ұқсату, сақтау, зергерлік бұйымдар жасау, тазартылған күйіндегі бағалы металдармен және асыл тастармен операциялар".

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті